

**Қарағанды қалалық мәслихатының 2023 жылғы 25 мамырдағы № 30 "Қарағанды қаласы бойынша мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қарағанды қалалық мәслихатының 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 95 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 29 қыркүйекте № 6492-09 болып тіркелді

Қарағанды қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарағанды қалалық мәслихатының 2023 жылғы 25 мамырдағы № 30 "Қарағанды қаласы бойынша мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" шешіміне ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6416-09 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

шешімнің преамбуласы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарына, 2021 жылғы 25 наурыздағы № 84 "Әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22394 болып тіркелген) сәйкес Қарағанды қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төраға

А. Букенов